

БӨЛІМ: МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫП

Тәрбиенің этнопедагогикалық аспектілері және оның даму сатысы

ЖАРИЯЛАНДЫ
20.06.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/58274/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Аетова Лидия Таганасовна

Өткен жылдың басында Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы жарияланған болатын. Онда этнопедагогиканың аспектілеріне тоқталып кетті. Негізінен жаһандану кезеңдегі керемет бір ерекшелік — әрбір ұлт өзінің мәдениетіне, ұлттық ерекшелігіне, табиғи болмысына терең мән бере бастағаны. Әрбір қоғамның, әрбір мемлекеттің жеткен биігі, мәдениетінің деңгейі оның әйелге деген көзқарасымен өлшенеді. Бұл дегеніміз біз рухани дамып және этнопедагогикалық тәрбиенің жоғары шыңына жеткенімізді көрсетеді. Тәрбие дегенде кез келген ұлтта бұл қыз баласынан бастайды. Қазақ қызы ғылымда интеллектуалды, тәуелсіз, инициативті энергия, қиындықтан жасқанбайтын болуы керек. Қазір қыздар өзінің еркіндігін көрсетіп, өз бетімен шешім қабылдап, өз көзқарастарын білдіре алады. Ал этнопедагогика сөзінің мағынасына және тарихына тоқталып болсақ, Бұқаралық педагогикалық шығармашылықтан өсіп шыққан этнопедагогика педагогика ғылымының халыққа жақындатуға икемді. Сонда мектепті өмірге жақындату проблемасы ретінде жалпы нұсқада тұжырымдалатын педагогикалық міндет этнопедагогикалық түсіндіруде мектептің өмір мен идеялық, адамгершілік, рухани байланысын жан-жақты нығайту деп қисындап мазмұндалуы мүмкін.

Бұл шын мәнінде мемлекеттік моральдық-саяси бірлігінің педагогикалық аспектісі. Халықтың педагогикалық процесті терең талдауға мүмкіндіктері болмады, ол жазудың болмауы оларға халықтың педагогикалық жетістіктерін жинауға, қорытындылауға және жүйелеуге жол бермеді. Соған қарамастан халық бүкіл қолайлы шаралармен жас ұрпақты тәрбиелеу бойынша ұнамды тәжірибені таратуға көмектесті және де сонымен педагогикалық білімдердің дамуына ықпал етті. Сонымен этнопедагогика зерттеудің кең келеміне не оның алдында үлкен өзекті міндеттер тұр. Оның

қалыптасуының қазіргі жағдайда халықтың педагогиканың әрекет ету аясын анықтау оның бүгінгі тәрбие мен өзара байланысын айқындау аса маңызды.

Халық даналығы қамқорлығының түйірлерін жинау, халықтың тәрбиенің негізгі катеориалары мен заңдылықтарын анықтау, оларды басқаратын әлеуметтік-экономикалық факторларды белгілеу, халықтық педагогикалық дәстүрлердің өмір сүргіштігінің себептерін айқындау және олардың қоғамның қазіргі рухани өміріне енуі жүйесін белгілеу этнопедагогикалық аса маңызды міндеттері болып отыр.

Тәрбие идеялары мен тәжірибесін салыстырмалы педагогикалық талдау – этнопедагогика методологиясының негізі. Халықтық педагогикалық мәдениетінің өзекші саласын өзіне зерттеу пәні етіп алған ғылымның жаңа саласы жан-жақты дами алады деп болмауға болады. Ол педагогика ғылымдары жүйесінің ажырамас белшегі бола отыра, өзінің таным объектісін терендей зерттеуде педагогиканың бүгінгі бүкіл жетістікгерінс сүйенеді, оның материалдарымен және методтарымен пайдаланады. Этнопедагогиканың практикаға жол табуы – ол қазіргі педагогикалық теорияны жан-жақты қолданғанда ғана мүмкін болады. Сонымен бір мезгілде этнопедагогиканың көптеген қоғамдық, гуманитарлық және психологиялық ғылымдардың өзара байланыс пен өзара ықпал ету шеңберіне енуінің принципті мәні бар. Бұл этнопедагогикалық материал мен бастаулары елеулі кеңейтеді, оны үлкен тарихи тәжірибесі бар ғылымдар методтарымен қаруыландырады және сонысымен де аса кең теориялық қортындылаулар үшін қолайлы жағдайлар туғызады.

Қорыта келе этнопедагогикалық ізденістерді этносоциологиялық зерттеулердің құрамды белігі ретінде қарастыру жемісті болып көрінеді. Мұндай бірлік осы кезге дейін көптеген зерттеушілер назарынан тыс қалып келетін тәрбиенің халықтың практикасын терең танып біліу мен объективті бағалауға мүмкіндік береді. Кез келген ғылым секілді этнопедагогикаға да теориялық тереңдікпен ұштасатын кеңестік керек, мұның өзі эмпирикадан тек теориялық қорытындылауларға көшкен жағдайда ғана мүмкін болады. Зерттеушілер жинастырған зор көрнекті материалды халық тәрбиешілерінің шеберлігі мен өнерінің сырын ұғыну үшін пайдалану керек. Зерттеулердегі дара-дара идеялар мен халықтық жас ұрпақ тәрбиесі бойынша тұтас тәжірибесінің тоғысуы жүйелі этнопедагогикалық теория негіздеу үшін қолайлы жағдайлар туғызады.